

## Қармыс елді мекенінің аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысының Шет ауданы Шет ауылдық округінің әкімінің 2014 жылғы 23 қазандағы № 01 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 5 қарашада № 2809 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шет ауданы Шет ауылдық округінің әкімінің 2015 жылғы 19 қарашадағы № 02 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шет ауданы Шет ауылдық округінің әкімінің 19.11.2015 № 02 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 сәуірдегі «Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерді бекіту туралы» №407 қаулысына сәйкес, Шет ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Ірі қара малдың ауруына байланысты (бруцеллез) Қармыс елді мекенінің аумағында бруцеллез бойынша шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Т.Беркімбаев